

бүгінгі қазақстанда жасалып жатқан, түсіріліп отырған фильмдерге расын айтсам көңілім толмайды.

Абайды айтқанда тіл мәселесіне соқпай кетуге әсте болмайды. Өйткені қазақ тілі – Абай тілі, Абай тілі – қазақтың тілі, бір-бірінен ажырағасыз. Абайды ең алдымен түпнұсқа тілде, яки қазақ тілінде насихаттау ләзім. Абайды білмей қазақ болу мүмкін емес.

Бір қуанарлығы Жақында Қазақстанның Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын мерекелеу туралы жарлыққа қол қойған болатын. Аталған құжатқа сәйкес, осы жылы қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушысы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы тойланады. Осы той қарсаңында жоғарыда айтылған кейбір кемшіліктерді түзетіп алуға болады деп ойлаймын.

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ «АТТЫҢ СЫНЫ» ӨЛЕҢІНДЕГІ БӘЙГЕ АТЫНА ҚАТЫСТЫ ЭТНОЛЕКСИКАНЫҢ МӘНІ

Хасанов М.М., Амангелді А.А.
С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, Нұр-Сұлтан қ.

Мал шаруашылығы ерте заманда ата-бабаларымыздың тіршілігінің тірегі, күнкөрістің негізгі көзі болды. Ал тіл – сол шаруашылықты жүргізетін қауымның ең негізгі қатынас құралы.

Демек, ғалым Т.Өмірзақов айтқандай, тіршілік көзі - кәсіп пен олардың таңбалық сипаттамасы - тіл бір-бірімен тығыз байланысты болмақ. Бұған қарағанда қай тілдің болмасын сөздік қоры сол елдің шаруашылығына біршама тәуелді. Мысалы, Сібір халықтарында бір ғана қардың 80-нен астам атауы, бұғыға қатысты 1000-нан астам сөз бар. Араб елінде түйеге байланысты 1000-нан астам атаулар қалыптасқан. Қазақ тілінде тек Ж.Бабалықовтың “Қырандар” деген кітабында саятшылық жөнінде 1000-ға жуық атау сөздер берілген. Жылқы түлігіне байланысты тілдік бірліктер бұдан асып түспесе, кем түспесі анық.

Қоғам дамып, халықтың дүниетанымы өзгеріп, кейбір сөздер қолданыстан шығып қалса, керісінше, өмірдің ағымына сай жаңа сөздер пайда болып, қалыптасып, мағынасы дамып, өзгеріп тұрады, яғни, тіл үнемі даму, қозғалыс үстінде болатыны белгілі. Қоғам өміріндегі барлық өзгеріс, жаңалықтар этностың тілінде өз ізін, таңбасын қалдырады [1].

Қазақ тіліндегі төрт түлікке, соның ішінде жылқыға байланысты туындап, қалыптасқан, сөздік қорымыздың ең құнарлысы болып саналатын кәсіби сөздер біршама. Сонымен қатар бұл атауларды тілдің ең көне қабатына жатқызуға болады. Өйткені бұл сөздер он екі мың жылдан астам уақыт бойы белсенді қолданылуда болып, уақыттың катал тезінен, сұрыптауынан өтіп, нешеме ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, біздерге жетті.

Көшпенді өмір салтын ұстанған далалықтар үшін жылқының маңызы өте зор еді. Мінсе – көлік, ішсе – сусын, жесе – тамақ болған жылқының орны бөлек болатын.

Ат үстінен ұйқы алған жаугершілік заманда елдің ішкі, сыртқы саясатын реттеу, азаттығын сақтап қалу сияқты ірі мемлекеттік мәселелердің шешімін табуы атты әскерсіз мүмкін емес еді. Сыртқы жаудан қорғану, келешек ұрпақтарға ата-бабадан мирас болып келе жатқан ұлы даланы бөлшектемей аманат ету үшін жауынгер халыққа тек түгі бар жүрек, қуатты білек қана емес, жауынан қашса, құтылып, қуса жететін, төзімді, белді әрі жүрдек жылқы ауадай қажет еді. Ұшы-қиыры жоқ ұлан даланы мекендеген аз ғана қазақ халқы үшін жылқының маңызының қаншалықты болғаны тарихымыздан белгілі.

Абай да тұлпарды жақсы көріп қадірлеген, аттың мінез-қасиеттерін терең білетін атбегі замандастарынан тұлпар, жорға аттарды қолқа салып ала білген және өзі де басқаларға содай аттарды талай сыйға тартқан адам болған [2,32 б.].

Абай өзінің “Аттың сыны” атты өлеңінде жүйрік аттың мінсіз мүсінін өлең тілімен өреді:

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ.
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.
Ауыз омыртқа шығыныңқы, майда жалды,
Ой желке, үңірейген болса сағақ.
Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,
Қабырғалы, жотасы болса күшті.
Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы,
Тояттаған бүркіттей салқы төсті.
Жуан, тақыр бақайлы, жұмыр тұяқ,
Шынтағы қабырғадан тұрса аулақ.
Жерсоғарлы, сіңірлі, аяғы тік.
Жауырыны етсіз, жалпақ тақтайдай-ақ.
Кең сауырлы, тар мықын, қалбағайлы,
Алды-арты бірдей келсе ерге жайлы.
Күлте құйрық, қыл түбі әлді келіп,
Көтендігі шығынқы, аламайлы.
Ұршығы төмен біткен, шақпақ етті,
Өзі санды, дөңгелек келсе көтті.
Сырты қысқа, бауыры жазық келіп,
Арты талтақ, ұмасы үлпешекті.
Шідерлігі жуандау, бота тірсек,
Бейне жел, тынышты, екпінді мініп жүрсек.
Екі көзін төңкеріп, қабырғалап,
Белдеуге тыныш тұрса, байлап көрсек.

Абайдың бұл өлеңі “Абайдың ақындық құдіретімен “қиыннан қиыстырылып” өрнектелген сұлу да тұлпар аттың бейнесі мен қасиетін” танытатын, “мол синтаксистік құрылыммен жазылған өлең” [2, 31 б.].

Ә.Жаниязов “Сабақ тақырыбы – “Аттың сыны” атты мақаласында М.Әуезовтің ойларын орынды келтіреді: “Бәйге аттың мүсінін сынап, сипаттауда Абай үлкен білімділік, байқағыштық танытады. Ол әрі шебер ақын болудың үстіне аса білгір, саятшы, атсейіс сыншы боп шығады. Аттың бар мүшесін сынап шығуға, әсем жырмен, үлкен шешендікпен шеберлеп сипаттауда ақын қазақ тілінің осы жөніндегі мол байлығын да танытады.

...Өзі жүйрік, өзі берік, жуан, жуас, қолға түспес жақсы атқа қарап отырған көз, өзі де еңбекші адамның көзі. ...Одан соңғы атап өтетін өлеңдегі ерекшеліктің бірі – бұнда және де шындықтан тыс, қиялды теңеулер жоқ... Өте нақтылы, шыншыл, дәлшіл үлгіні көрсететін реалистік шеберлікпен толық шыққан, көркем шығарма болады... Өлеңдік құрылыста, сөздік байлықта, ақындық орамды шешендікте де біртегіс, тұтас келісімді танытады” [2, 38 б. аттың мүшелерін, олардың қасиет, белгілерін, сынын бейнелейді. Ақын өлеңде ат суретін жасауда қатаң жүйе ұстанған: аттың маңдайындағы кекілінен, құлағынан бастап, рет-ретімен оның денесінің жеке мүшелерін, олардың сындық, бейнелік белгілерін, қызметін жеке-жеке сөздермен, сөз тіркестерімен бейнелеп, шідерлігін, тірсегін, тұяғын сипаттаумен аяқтаған, суреттеуде мұндай тәртіп сақталмаса, өлең ондағы сурет нанымды, көркем шықпас еді. Жансыз құранды көрініс болар еді. Абай бұны жете түсінген, әсемдікті нәзік сезінген шебер ақын [2, 34 б.].

Өлеңде аттың сынын білдіретін төмендегідей сөз тіркестері кездеседі:

Қамыс құлақ: жел соққанда қамыстың ұлпа басының ыққа қарай иілетіні секілді, шапқан кезде жүйрік ат құлағын желкесіне қарай жатқызып алады. Сонда құлағына алдан соққан екпінді жел кірмейді, оның түбі ауырмайды, өзге дыбыстарды жақсы естиді.

Қой мойынды: қой мойынына ұқсас жұмырлана біткен ат мойыны алыс жолға шапқанда талмайды. Аттың мойыны талса, өзге мүшелері де ауырлайды, шаршайды.

Қоян жақ: етсіз, тақыр басын алдына соза шапқанда ат мойны талмайды, бүкіл денесін алға қарай жетектеп отырады, қоян жақ – ат басының жеңіл болуының белгісі.

Бөкен қабақ: бөкен – ең жүйрік, жылқы тұқымдас аң, оған түксиген қабақ біткен. Бәсекеде еліріп, құтырынып шабатын ашулы аттың бір белгісі.

Үңірейген сағақ: жүйрік аттың алқымының, тыныс жолдарының кеңдігінің белгісі. Ағызып шауып келе жатып, ат дұрыс дем алып отырса, өкпесі алқынбайды.

Шынтағы қабырғадан тұрса аулақ: шынтақ аттың қабырғасын, кеудесін, қолтығын қыспайтындай кең бітсе, онда еркін тыныстап, ұзаққа шабады.

Салқы төсті: омырауы алға шығыныңқы біткен.

Бота тірсек: аттың ботаның тірсегіндей майыса біткен артқы аяқтары шапқанда, алға қарай серпінді, екпінді, алымды, жер тірегіш, адымдағыш келеді.

Жауырыны жалпақ: ұзақ жолға мінгенде, бәйгеге шапқанда, адамға үстінің жайлы, тыныш болуының белгісі.

Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті, жұмыр тұяқ, тақыр бақай: бәйге атының мықтылығының, төзімділігінің, жүйріктілігінің, әсемдігінің белгілері [1].

Тіліміздегі аттың сынын білдіретін, тұлғасын, бабын сипаттайтын сөз тіркестері қазақ халқының сан ғасырлық өмір тәжірибесінің, ұжымдық танымның нәтижесінде пайда болған, олар тек қазақ халқына ғана тән ерекшеліктер, сонымен қатар олар тілдің кумулятивтік қызметінің нәтижесінде атадан балаға мирас болып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келеді.

Ал, Абай Құнанбайұлының «Аттың сыны» өлеңінен байқағанымыз, ақын тек бәйге аттарына қызығып қана қоймаған, жылқыға қатысты этнолексиканы терең пайымдап, бәйге аттарын сипаттайтын тілдік бірліктерді асқан шеберлікпен өлең-сөзбен өрнектеп берген.

М. Әуезов айтқандай, “бәйге аттың мүсінін сынап, сипаттауда Абай үлкен білімділік, байқағыштық танытады. Ол әрі шебер ақын болудың үстіне аса білгір, саятшы, атсейіс сыншы боп шығады. Аттың бар мүшесін сынап шығуға, әсем жырмен, үлкен шешендікпен шеберлеп сипаттауда ақын қазақ тілінің осы жөніндегі мол байлығын да танытады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Амангелді А. Қазақ тіліндегі жылқыға қатысты этнолексика (І.Есенберлиннің «Көшпенділер» романы материалдары негізінде) (монография). – Өскемен қ.: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2012. -219 б.

2. Жаниязов Ә. “Сабақ тақырыбы – “Аттың сыны”. Қазақ тілі мен әдебиеті, №9, 1993. -31-38 б.